

"Өнімділік 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 наурыздағы № 220 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2016 № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өнімділік 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 27, 314-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген «Өнімділік 2020» бағдарламасында:

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде:

«Қаржыландыру көздері» мынадай редакцияда жазылсын:

2011 жылы республикалық бюджетте 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 133 367 мың , 2013 жылы – 303 500 мың теңге, 2014 жылы – 303 500 мың теңге, 2015 жылы – 303 500 теңге көзделген. Инновациялық гранттарға және қазіргі заманғы басқару технологиял енгізуге арналған шығыстар тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғ қарашадағы № 1308 және 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1291 қаулыларымен бекіт Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыр жәрдемдесу жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламада және Елдің 2020 я дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарында көрсетіл Республикалық бюджеттен келесі жылдарды қаржыландыру көлемі жоспарланатын ке тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланады»;

«Қаржыландыру көздері

«Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» деген 5-бөлімде:

«Бағдарлама құралдары» деген 4-кіші бөлімде:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Қаржылық лизинг шарты бойынша сыйақы ставкасы қатысушы үшін 5 %-ды құрауы тиіс, бұл ретте құрал операторының бюджеттік кредит пен өзге де қорландыру құралдарының арасалмағы 80/20 құрауы тиіс. Осы талаптар 2011 – 2012 жылдары жасалған шарттарға да қолданылады.»;

«Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері» деген 6-бөлімде:
 бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
 «Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2011 жылы 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 133 367 мың теңге, 2013 жылы – 303 500 мың теңге, 2014 жылы – 303 500 мың теңге, 2015 жылы – 303 500 мың теңге көзделіп
 о т ы р . » ;

7-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

7. «Өнімділік 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
 (I-кезең)

P/c №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжанатын шығыстар (мың теңге)					Қаржы көздері
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Кәсіпорындарды жаңғырту жөнінде ведомствоаралық комиссия құру	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы наурыз						талап етілмейді
2.	Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру тәртібін әзірлеу	құрал операторының шешімі	құрал операторы (келісім бойынша), «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз						талап етілмейді
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1202 қаулысымен бекітілген Инновациялық гранттар беру ережесіне өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша)	2011 жылғы қыркүйек						талап етілмейді
4.	Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті құжаттардың нысандарын әзірлеу және бекіту, одан әрі өзектілендіру	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша)	2011 жылғы мамыр,						қажеттілігіне қарай
5.	Консалтингтік компаниялардың тізбесін қалыптастыру және бекіту, одан әрі өзектілендіру	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), ведомствоаралық комиссия	2011 жылғы мамыр,						қажеттілігіне қарай

6.	Бағдарламаға қатысу туралы өтініштер қабылдау	ИЖТМ-ге ақпарат	«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	келіп түсуіне байланысты							
7.	Бағдарлама қатысушыларына қойылатын өлшемдерге сәйкестігі туралы сараптама өткізу	сараптамалық қорытынды	«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), өтініш беруші	келіп түсуіне байланысты	92 810	103 367	116 000	116 000	116 000		РІ
8.	Қатысушылар өтінімдерін құрал операторларының қарауы	құрал операторының шешімі	құрал операторлары (келісім бойынша), «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	келіп түсуіне байланысты							
9.	Жобаны іске асыру барысына мониторинг жүргізу	ИЖТМ-ге ақпарат	«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша)	үнемі							
10.	Ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу	ИЖТМ-ге ақпарат	«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша)	үнемі							
11.	Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну	шарттар	ИЖТМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша)	қажеттілігіне қарай	672 100	30 000	187 500	187 500	187 500		РІ
					15 000 000						РІ
						10 000 000					РІ

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
м и н и с т р л і г і

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

РБ - республикалық бюджет
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м ы

«ҚИДИ» АҚ - «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік
қ о ғ а м ы .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*